

«БЕКІТЕМІН»

ҚазҰАУ КЕАҚ жанындағы «Ауыл



шаруашылығы және биоресурстар»,

«Ветеринария» білім беру салалары

бойынша ОӘБ – ЖБТ төрағасының

орынбасары, бірінші проректор

К. Тиреуов

2020 жыл

06

KEAK Қазақ ұлттық аграрлық университеті жанындағы
«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім
 беру салалары бойынша Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің
 Оқу-әдістемелік бірлестігінің-Жобаларды басқару тобының атқарған
 жұмыстары туралы 2019-2020 оқу жылдары

ЕСЕБІ

Алматы, 2020

KEAK ҚазҰАУ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің 6B08-7M08-8D08 «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», 6B09-7M09-8D09 «Ветеринария» білім беру салалары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі (бұдан әрі ҚазҰАУ жанындағы РОӘК ОӘБ) ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 12 қазандығы № 562 бұйрығымен құрылды.

ҚазҰАУ жанындағы РОӘК ОӘБ білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберлеріне және кәсіптік стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін дамыту тәсілдерін әзірлеу мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде құрылған консультативтік-кеңесші жұмыс органды болып табылады, әлемдік білім беру кеңістігінде оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған даму стратегиясын қалыптастыруға және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз етудің сыртқы және ішкі жүйесін жетілдірудің тәсілдері мен тәсілдерін әзірлеуге қатысу.

«Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім және ғылым министрлігі Білім беру саласындағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 53 нормативтік құқықтық актіні қабылдады, олардың отызғы жуығы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қатысты.

Осы заңнаманы іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 13 қазандығы № 569 бұйрығымен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы және ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтары сыныптауышының және ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары сыныптауышының сәйкестігін айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар 2019.01.25 № 35 және 2019.06.03 № 252 бұйрықтарымен бекітілді., ауыл шаруашылығы мамандықтары 6B08-7M08-8D08 «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», 6B09-7M09-8D09 «Ветеринария» білім беру салалары бойынша топтастырылған.

Университет сайтында оқу-әдістемелік бірлестіктің барлық ақпараттары жаңартылды.

Білім беру сапасын арттыру және жетекші ғылыми-зерттеу институттарымен, ірі кәсіпорындармен және шетелдік жоғары оқу орындарымен тәжірибе, білім, заманауи оқыту әдістерімен алмасу, бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сондай – ақ РОӘК ОӘБ-ЖБТ құрамын қалыптастыру үшін серіктестік жүргізу мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мүдделі

69

барлық ұйымдарға ресми сұрау салулар жіберілді. Ұсынысты Растауды және ЖОО мен ұйымдардан кандидаттар тізімін алғаннан кейін ОӘБ құрамы құрылды, оған аграрлық сектор үшін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын 5 шетелдік, ҚР 24 жетекші ЖОО-ның профессор-оқытушылары, ауыл шаруашылығы бағытындағы 18 ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары, 62 ірі агрокұрылымдардың басшылары мен мамандары мүше болды.

Серіктес жоғары оқу орындары:

- Қазақ ұлттық аграрлық университеті;
- Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті;
- Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті;
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;
- Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті;
- М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті;
- III. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті;
- Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті;
- Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті;
- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті;
- Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті;
- М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті;
- Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті;
- С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті;
- Алматы технологиялық университеті;
- Ф. Дәүкеева атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті;
- I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті;
- М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті;
- Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті;
- А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті;
- М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті;
- Қазақ инженерлік-технологиялық университеті;
- Еуразия инновациялық университеті;
- Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті.

Серіктес ғылыми-зерттеу институттары:

- ЖШС « Қазақ егіншілік және Өсімдік шаруашылығы ФЗИ»;
- ЖШС « Қазақ өсімдік қорғау және карантин ФЗИ»;
- ЖШС « У. Успанова атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ФЗИ»;
- ЖШС « Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ФЗИ»;
- ЖШС « Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ФЗИ»;
- ЖШС « Қазақ ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру ФЗИ»;
- ЖШС « Қазақ балық шаруашылығы ФЗИ»;
- ЖШС « Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ФЗИ»;
- ЖШС « Қазақ қой шаруашылығы ФЗИ»;
- «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ФЗИ» РМК;
- РМК ШЖҚ «Зоология институты»;
- РМК «Ұлттық биотехнология орталығы»;
- ҚР АШМ «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық»;
- ҚР АШМ «Республикалық ветеринариялық зертхана»;
- ЖШС « Қазақ орман шаруашылығы ФЗИ»;
- ЖШС « Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты»;
- ЖШС «ЖиВ» ФЗИ;
- ЖШС «География институты».

Агрокұрылымдар (жұмыс берушілер) - серіктестер:

- ЖШС «Амиран Агро»;
- ЖШС «Байсерке Агро»;
- ЖШС «Айдарханов»;
- «МТЗ Қазақстан» зауыты»;
- ЖШС «Dinara-ranch» Агрофирма;
- ЖШС «Эрада балық»;
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»;
- ЖШС «Будан»;
- ЖШС «Қазақстандық орман кәсіпорны және орман екпелерін орналастыру»;
- ЖШС «Ақ бидай»;
- ЖШС «Абзал и К»;
- ЖШС «Сыр маржаны»;
- ЖШС «Көктөбе»;

- ШК «Жаңақоныс»;
- ЖШС «Асхос»;
- ЖШС «Рамазан»;
- ЖШС «Изет Гринхаус»;
- ЖШС «Антиген»;
- ЖШС «Атырау АгроИмдері»;
- ЖШС «Гормолзавод».

КЕАҚ ҚазҰАУ жанындағы РОӘК ОӘБ-ЖБТ құрамына барлығы 248 адам кірді. Оның ішінде 59 ғылым докторы, 102 ғылым кандидаттары, 19 PhD докторлары, 60-тан астам ірі шаруашылықтардың тәжірибелі мамандары және 5 шетелдік әріптес жоғары оқу орындарының ғалымдары (Қауымдастырылған мүше).

РОӘК ОӘБ – ЖБТ-ға кірген кадрларды даярлау бағыттарының және ОӘБ-ЖБТ-ға кадрларды даярлау бағыттарына байланысты 5 оқу-әдістемелік ішкі сектор құрылды:

- **«Өсімдік шаруашылығы»;**

Кадрларды даярлау бағытының құрамында:

- «Агрономия»;
- «Топырақтану және агрохимия»;
- «Жеміс-көкөніс шаруашылығы»;
- «Өсімдіктерді қорғау және карантин».

- **«Мал шаруашылығы және балық шаруашылығына»;**

Кадрларын даярлау бағыттары бойынша:

- «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»;
- «Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау».

- **«Орман шаруашылығында»;**

Кадрларын даярлау бағыттары бойынша:

- «Орман ресурстары және орман шаруашылығы»;
- «Аңшылықтану және аң шаруашылығы».

- **«Агротехника»;**

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша:

- «Аграрлық техника және технология»;
- «Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету».

- **«Ветеринария»**

Кадрларды даярлау бағытының құрамында:

- «Ветеринариялық медицина»
- «Ветеринариялық санитария»;

- **«Су ресурстары және суды пайдалану»**

Кадрларды даярлау бағытының құрамында:

- «Су ресурстары және суды пайдалану»;
- «Мелиорация, рекультивация және жерді қорғау».

КЕАҚ ҚазҰАУ жанындағы «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру салалары бойынша РОӘК ОӘБ – ЖБТ бекітілген Кәсіби Стандарттар негізінде білім беру және үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша Жол картасына сәйкес агроОнеркәсіптік қауымдастық консорциумы әзірлеген кәсіби стандарттар зерделенді.

Кәсіптік стандарттар негізінде жоғары оқу орны компонентінің нәтижелері мен пәндерінің тізбесі қалыптастырылды, олар дайындық бағыттары бойынша секциялардың отырысында талқыланды және 2020 жылғы 24 сәуірде ОӘБ – ЖБТ отырысында бекітілді.

Сонымен қатар, Сараптамалық топтар құрылып білім беру бағдарламаларын сараптау және жаңа білім беру бағдарламаларының мазмұны бойынша сабактар өткізу үшін қажетті кадрлық ресурстардың, материалдық-техникалық базаның, университеттердегі оқулықтардың болуына талдау жасалды.

ОӘБ-ЖБТ отырысының күн тәртібінде келесі мәселелер қаралды:

- «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы өткізген ЖОО мен ЖБТ-ОӘБ жетекшілік ететін кадрларды даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының рейтинг нәтижелері талқыланды.
- Білім беру бағдарламаларының тізілімі: кәсіби стандарттар негізінде ББ әзірлеу, жаңарту, оқу-әдістемелік бірлестіктерде, Болон процесі және Академиялық ұтқырлық орталығында білім беру бағдарламалары сарапталды.
- 2020 жылға бекітілген кәсіптік стандарттар негізінде білім беру және үлгілік оқу жоспарларын, бағдарламаларды әзірлеу және енгізу жөніндегі Жол картасын іске асыру, кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар білім беру бағдарламаларының жобаларын қалыптастыру талқыланды.
- Кадрларды даярлау бағыттары бойынша «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» оқу басылымдарын даярлаудың және оларға белгі берудің бірыңғай талаптарын белгілейтін ережелерді бекіту тақырыбы көтерілді.

Ұлттық тестілеу орталығына кешенді тестілеу форматы бойынша ұсыныстар жіберілді.

Магистратураға қабылдау кезінде кешенді тестілеуді өткізу үшін бейіндік пәндер жобасының тізбесі талқыланды, тест спецификацияларын әзірлеу тақырыптары анықталды.

Сондай-ақ Ұлттық тестілеу орталығына дайындық бағыттары бойынша кешенді тестілеуді өткізу үшін тест тапсырмаларын әзірлеу үшін сарапшылар жіберілді.

Кәсіби стандарттарды ескере отырып:

- Барлық білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша жұмыстар жандандырылды
- Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілді.

Ағымдағы жылдың 25 тамызында онлайн режимінде ОӘБ – ЖБТ кеңейтілген отырысы өтті: «ЖОО-ның академиялық саясатын іске асырудың инновациялық тәсілдер» тақырыбында басқарма төрағасы – Ректор академик Т.Есполов модератор болды. Отырыс жұмысына ҚР Ауыл шаруашылығы Вице-министрі Г.С. Исаева, «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ бірінші орынбасары Е. И. Исламов, ректорлар, проректорлар, үш жетекші аграрлық ЖОО-ның және ОӘБ-нің 20 ЖОО-ның декандары, ТМД-ның 18 жетекші аграрлық ЖОО-ның басшылары, АҚШ, Еуропа, Азия және Тынық мұхит өніріндегі ЖОО-лар мен ғылыми орталықтардың ғалымдары қатысты.

Отырыста пандемия кезеңінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша форсайт сессиялар өткізілді, Оқу процесінде қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану мәселелері талқыланды. Сондай-ақ пандемия жағдайында қашықтықтан оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылды.

КЕАҚ ҚазҰАУ жанындағы РОӘК ОӘБ-ЖБТ ҚЗ Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығына, «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызымет стандартын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №214 бұйрығына сәйкес оқу басылымдарына Гриф беру тәртібі туралы Ережесі бекітілді.

Өткен есепті кезеңде РОӘК Оқу-әдістемелік бірлестік-Жобаларды басқару тобының -34 оқулық пен оқу құралдарын қарап, сараптама жүргізді.

РОӘК ОӘБ – ЖБТ белгісін беру оқу-әдістемелік бірлестік – кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жобаларды басқару тобы ұйымдастыратын оқу басылымын сараптау рәсімі арқылы іске асырылды. ОӘБ – ЖБТ отырыстарында сараптама нәтижелерінің негізінде қажетті белгіні беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылданды;

Қаралған оқулықтар мен оқу құралдарының:

- 16 – сы баспаға мақұлданды,
- 11 - і пысықтауға қайтарылды,
- 1 – еуі білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды,
- 6 – ы ҚР БФМ грифін беру үшін «Оқулық» РППО-ға жіберілді.

Оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу кезіндегі негізгі ескертулер мен кемшіліктерге: Оқу материалдарының салалық біліктілік шенбері, Кәсіби стандарт, пәндердің бекітілген оқу жұмыс бағдарламалары талаптарына сәйкес әзірленбейтіндігін жатқызуға болады. Қолжазбаларда аймақтық диалектілерге жол беріледі, терминологиялық сөздіктерді басшылыққа алмайды, дереккөздерге сілтеме жасамайды және т. б.

Оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу сапасын жақсарту үшін авторлардың өздері де, рецензенттер де, кафедра менгерушілері мен факультет декандары да тиісті қолжазбаларды алдын ала қарастыратын жауапкершілікті арттыру ұсынылды. Бұдан басқа, ГЗИ ғалымдарын, өндірістің тәжірибелі мамандарын және шетелдік әріптестерді тең авторлықта тарту жоспарланды.

**Оқу және оқу-әдістемелік
жұмыстар жөніндегі проректор**

Б.Калыкова

**Академиялық сұрақтар жөніндегі
департамент директоры**

Е.Махашов

РОЭК ОӘБ-ЖБТ ғылыми хатшысы

И.Жанашев